8D01503 – «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Каратаев Нурлан Сагынбековичтің «Бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы цифрлық құралдарды пайдаланып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесші педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор А.Б. Ибашованың

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасының аумағында педагогикалық жоғары білім беруді жүйелі ұйымдастыру білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында өзекті мәселе ретінде айқындалған.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім алушыларға, олардың оқу-танымдық әрекетіне, заманауи білім беру талаптарына сәйкес оқушылардың ойлау әрекетін белсендендіру, олардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру, бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың әдістемесін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда ізденуші Каратаев Нурлан Сагынбековичтің «Бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы цифрлық құралдарды пайдаланып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті мәселелерді қамтиды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, зерттеу әдістері, теориялық және практикалық маңызы сипатталған.

Бірінші бөлімде бастауыш білім беру жүйесінде робототехниканы оқыту мәселелері, бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың білім берудегі рөлі және әлеуеті, дидактикалық мүмкіндіктері мен әдістемелік ерекшеліктері, цифрлық білім беру ресурсын ендіру қажеттілігі туралы негізгі ойлар айтылған.

Екінші бөлімде бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың әдістемесі, «Robo-Baldyrgan» цифрлық білім беру сайты негізінде оқыту әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру формалары, педагогикалық эксперимент жұмысын ұйымдастыру және оның нәтижелерін талдау мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар цифрлық құралдарды пайдалану арқылы практикалық тапсырмалар негізінде оқытуды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі ұсынылған. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, алынған нәтижелер талданған.

Қорытындыда жүргізілген зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары беріліп, зерттеу барысында алынған ғылыми және практикалық ұсыныстар тұжырымдалған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика саласы үшін маңызы зор ғылыми еңбек деп айтуға болады, өйткені бұл зерттеуде бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалып, білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және конструкторлық дағдыларын қалыптастырудың өзекті мәселелері өз шешімін тапқан.

Зерттеу тақырыбының аясында диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жалпы 20 ғылыми еңбек жарияланған. Оның ішінде Scopus халықаралық рецензияланатын журналдарында – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3 мақала, шетелде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 2 мақала, Қазақстан Республикасындағы халықаралық деңгейдегі конференцияларда – 7 мақала жарық көрген. Сонымен қатар, 5 авторлық куәлік пен 2 оқу құралы әзірленген.

Зерттеу барысында докторанттың теориялық білімін тәжірибеде тиімді қолдана алатыны, ғылыми ойлау қабілеті қалыптасқан, жауапкершілігі жоғары зерттеуші екенін дәлелдеді. Бұл оның ҚР БҒМ қаржылық қолдауы бойынша орындалған «AP09260464 – Smart-білім беру жағдайында "Scratch" және "Робототехника" курстары бойынша бастауыш мектепте ақпараттық білім беру ортасын әзірлеу» жобасы аясында орындалды, сондай-ақ 2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру аясында AP25794885 - «Робототехника негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» атты жобамен постдокторант ретінде зерттеулерін жалғастырып отырғанынан айқын көрінеді.

Диссертация Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Информатика» кафедрасында орындалып, талқылау нәтижесінде қорғауға ұсынылды.

Каратаев Нурлан Сагынбековичтің 8D01503 – «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және 8D01503 – «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін толық лайықты.

Каратаев Нурлан Сагынбековичтің «Бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы цифрлық құралдарды пайдаланып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясын Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша педагогтарды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған Диссертациялық Кеңесіне лайықты деп қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші, п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор: **А.Б. Ибашова**

Адами ресурстарды дамыту департаменті